Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі
Атырау облысы
Құрманғазы ауданы

Бекітемін:
Мектеп директорының
у.м.а: Л.Умирзахова

Келісемін:
Кәсіподақ комитетінің төрайымы:
Р.Наурызгалиева
Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Б.Хайруллин

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

2025 - 2026 оқу жылы

I. «Панфилов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің

ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

Осы білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелері (бұдан әрі ережелер) Қазақстан Республикасының 2007жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы "Заңының 5-бабы 46-1 тармағына сәйкес Білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді. Ішкі тәртіп ережесі қызметкерлер мен әкімшіліктің ішкі еңбек тәртібін анықтайды және мектеп қызметімен байланысты жағдайларды реттейді.

Ережені еңбек шарты жасалған барлық қызметкерлер орындауға міндетті.

Еңбек тәртібін бұзушыларға тәртіптік жазалар мен қоғамдық шаралар қолданылады.

1. Мектеп қызметкерлерінің жалпы міндеттері

1.1. «Панфилов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері міндетті:

- Мектеп Жарғысында, ішкі тәртіп ережесінде белгіленген және лауазымдық міндеттерді қатаң түрде орындауға;
- еңбек тәртібін сақтауға, жұмысқа уақытында келуге, белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығын сақтауға, әкімшіліктің бұйрықтарын уақытында орындауға;
- еңбекті қорғау ережесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарын, өндірістік
- санитарлық, өртке қарсы ережені және алдын ала ескертілген ережелер мен нұсқаулықтарды сақтауға;
- жұмыс орнын таза және ұқыпты ұстауға, белгіленген материалдық құндылықтар мен құжаттарды ретпен сақтауға;
- мектеп оқушыларына мектептің мүлкіне ұқыпты қарауды үйретуге, жылу, электрэнергияны, материалдарды үнемді қолдануға;
- медициналық тексерістер туралы нұсқауларында белгіленген тиісті мерзімге дейін медициналық тексерістен, қажетті егілуден өтуге;

1.2. Мектеп қызметкерлері сабақ уақыты мен үзіліс кезінде оқушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне толық жауап береді. Оқушылардың жарақаттанған жағдайда әкімшілікке дер кезінде хабарлауы тиіс.

1.4 Мектепке бөгде адамға рұқсатсыз кіруге, мұғалімдердің сабағына директордың немесе директордың уақытша міндетін уақытша атқарушының рұқсатынсыз қатысуға болмайды.

1.3. Оқушыларды кабинетте жалғыз қалдыруға тыйым салынады.

1.4. Педагогтар оқушыларды сабақ аяқталғаннан кейін келесі жағдайларда қалдыра алады:

- сынып сағаттары мен жиналыстар өткізілгенде;
- қоғамдық және сыныптан тыс өткізілетін іс шараларға дайындалғанда;
- сынақтар, қосымша сабақтар уақытында;
- мектепішілік кезекшілікте;

1.5. Педагогикалық кадрларды аттестаттау туралы ережесіне сай педагогтар бес жылда 1 рет аттестаттаудан өтеді.
1.6. Педагог кадрлар үш жылда кем дегенде бір рет біліктілігін арттырады.
1.7. Мектеп әкімшілігі мұғалімнің шығармашылық жұмыстарына жағдай жасайды.

2.Педагогтар мен қызметкерлердің жұмыс уақыты және оны қолдануы

2.1. Мектепте жұмыс аптасы 5 күн болып белгіленеді, жалпы жұмыс уақыты ұзақтығы аптасынан 40 сағаттан аспайды, алайда 6 күн қажеттілікке байланысты әдістемелік күн ретінде есептелінеді.
2.2. Педагогтардың сабақтарының жүктемесін мектеп директоры әдістемелік бірлестік пен кәсіподақ комитетінің келісімі бойынша белгілейді.
Жүктеменің көлемі ережеге сай, оқу жылының барысында тұрақты.
2.3. Штаттық кестеде енгізілген қызметкерлердің жұмыс уақыты мектеп директорының бұйрығымен бекітілген кестеде сәйкес болады.
2.4. Директордың, оқу ісі, тәрбие жұмысы, шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасарларының, т.б. лауазымдық тұлғалардың жұмыс уақыттары 8 сағаттан асуы мүмкін.
2.5. Мұғалімдер сабақтың басталуынан 15 минут бұрын келуге міндетті.
2.6. Мұғалімдер қоңыраумен жұмысқа кіріседі.
2.7. Сынып жетекші өзіне сеніп тапсырылған сыныптың оқушыларын ыстық тамақпен ұйымдастыруына жауапты.
2.8. Мұғалімдер мектеп директорының бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес, аптасына 1 рет кезекшілік атқарады.
2.9. Мектеп ішілік кезекшілік кезекші әкімшілікпен (кесте бойынша), кезекші мұғалімдер мен кезекші сыныптар, этаж бойынша кезекші мұғалімдермен (кесте бойынша) атқарылады. Кезекші әкімшілік және мұғалім сабақ басталғанға дейін 15 минут бұрын мектепте болуы керек. Бастауыш сынып мұғалімдері 1-4 сыныптарына өздері кезекшілік ұйымдастырады.
2.10.Әрбір кезеңнің соңғы сабағы аяқталған соң оқушыларды ұйымдасқан түрде гардеробқа сол сыныпта сабақ беріп тұрған мұғалім апарады, оқушылардың киініп, шығып кетуін бақылайды.
2.11.Оқушыларды қандай да бір себеппен сабақтан шығарып жіберуге қатаң тыйым салынады.
2.12. Баланы, оның қызығушылықтарын ескере келе: әдептілікке, төзімділікке, академиялық адалдыққа және ұлтаралық келісімге; кибермәдениетке және кибергигиенаға тәрбиелеуге.
2.13. Мұғалімнің мектептегі киім үлгісіне қойылатын талаптар:
Мұғалімнің мектептегі формасы (немесе киім үлгісі) – ұстаздың кәсіби келбетінің маңызды бөлігі. Ол тәртіп пен жинақылықты білдіреді, оқушыларға үлгі көрсетеді.
Мұғалімнің формасына қойылатын талаптар әдетте мектептің ішкі ережесіне немесе ҚР Білім және ғылым министрлігінің нұсқаулығына сәйкес белгіленеді.
Әйел мұғалімдерге арналған:

Қарапайым, іскерлік стильдегі көйлек, белдемше немесе классикалық костюм
Ашық емес түстер: көк, сұр, қоңыр, қара, ақ кофта .
Юбка ұзындығы – тізеден төмен, ұзын емес
Ашық, мөлдір немесе тым тар киімдерге жол берілмейді.
Аяқ киім – жабық, таза, биік өкшесі тым биік болмауы керек.
Қарапайым әшекейлер (көп емес).
Макияж – жеңіл, табиғи.

Ер мұғалімдерге арналған:
Классикалық шалбар, көйлек, пиджак.
Галстук – міндетті емес, бірақ ресми жиындарға киілуі мүмкін.
Таза, үтіктелген киім.
Аяқ киім – классикалық, жабық, таза.
Киімде болмауы тиіс:
Жарқыраған немесе тым ашық түстер.
Спорттық стиль (спорт шалбар, футболка, кроссовка).
Джинсы шалбар (кейбір мектептерде рұқсат етілуі мүмкін, бірақ жалпы ұсынылмайды).
Діни бағыттағы киімдерді киюге тиым салынады (білім ордасында бет-әлпетінде сақал өсіруге)

2.14. Каникул күндері жұмыс уақыты болып есептеледі. Каникулдық уақытында келмеген жұмыскерлер жұмысқа шықпаған болып саналады.
2.15. Педагогтарға және басқа да қызметкерлерге **тыйым салынады:**
- өзінің көзқарасына қарай сабақ кестесін өзгертуге;
- мұғалімсіз оқушыларды кабинетте жалғыз қалдыруға.
2.16. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары мұғалімдер мен оқушыларға уақытында сабақ ауысуы туралы ескертеді.
2.17. Мұғалім сырқаттанған және тағы да басқа жағдайларда алдын-ала ескертуге міндетті.
Осы ережені барлық қызметкерлер орындауға міндетті.
Ережемен барлық қызметкерлер міндетті түрде танысып, қол қояды.

II. «Панфилов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі оқушыларының
ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

Бұл Ереже мектеп ғимараты мен оның аумағындағы оқушылардың тәртібін реттейді. Ереже мектептің тұрақты жұмыс жағдайын ұйымдастыруға, әр оқушының оқуға деген ынтасын арттыруға, тұлғаның құқығын қорғауға, мәдениетін қалыптастыруға қызмет етеді. Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар, ата-аналар мен оқушылардың міндеттері мектеп Жарғысында, сондай-ақ білім беру қызметтерін көрсету туралы келісімдерде әрбір оқушының ата-аналары мен заңды өкілдері қол қойған ішкі тәртіп Ережелерінде бекітілген.

Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген.

ҚР «Білім туралы» Заңының 47-бабының 15-1-тармағына сәйкес орта білім беру ұйымдарында ОҚУШЫЛАР білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

1. Жалпы тәртіп сақтау ережелері:

1.1. Оқушы мектепке сабақ басталмастан 15 минут бұрын, таза және ұқыпты мектеп формасымен келіп, киім ілінетін бөлмеде сыртқы киімін шешеді. Кейін сабақ өтетін сыныпқа барып, өз жұмыс орнына отырып, сабаққа керекті құралдарды дайындайды.

1.2. Мектепке және мектеп территориясына адам өміріне қауіп төндіретін құралдар, қару-жарақ,үшкір заттар, жарылғыш заттарды, алькогольды сусындар, наркотиктер, газ балондарын, сағыз, чипсы, улы және дәрігер қолдануға қатаң тыйым салынған басқа да заттарды әкелуге тыйым салынады.

1.3. Мұғалімдердің келісімінсіз оқушыға сабақ уақытында мектептен кетуге рұқсат етілмейді. Оқушы сабақ жіберген жағдайда сынып жетекшісіне сырқаттануы туралы дәрігерден анықтама немесе сабақ жібергенінің себебі туралы ата-анасының қолхатын беруі тиіс. Сабақты себепсіз қалдыруға рұқсат етілмейді.

1.4 Оқушы мектепке оқу құралдарымен (дәптер, оқулық, күнделік) және сабақ кестесіне сәйкес орындалған үй тапсырмасымен келеді.

1.5. Оқушы үлкендерге құрмет, кішілерге ізет көрсетуі тиіс. Оқушылар мен мұғалімдер бір біріне құрметпен қарайды. Оқушылар - үлкендерге, жоғары сынып оқушылары - кішілерге, ұл балалар - қыз балаларға жол береді.

1.6. Оқушы мектепте және мектептен тыс жерде әдептілік сақтауы тиіс;

1.7.Мектеп мүліктеріне өз мүлкіндей мұқият қарауға, оны жөндеуге қолдан келетін көмегін беруі тиіс.

1.8.Мектепте мектеп формасын сақтауға, яғни қыз балалар және ер балалар қою көк немесе қара түсті костюм, ақ немесе бір түсті жейде киіп келуі тиіс;

Мектептің ішкі тәртіп ережесінде бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген мектепте бастауыш және орта,жоғары сыныптарда мектеп формасының түрі классикалық стильде, түсі қою қара көк болады. Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде біртүстен; күнделікті жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады. Тобықты жауып тұратын шұлықтар киюі керек. Сирақтарын көрсетіп жүруге қатаң тиым салынады.

Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде (қысқы уақытта: рикотаж жилет, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар тек ғана маусымдық кезеңде қыста ,күз мезгілінде киюге рұқсат беріледі. Шалбар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады. Етектің ұзындығы тізеден сәл түсіп тұрады, ,ұзын ,тым қысқа етек киюге болмайды. Діни атрибуттағы киімдерді әсіресе, бас киімдер (косынка, орамал, боннер, хиджап) т.б. киюге қатаң тиым салынады. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 47 бабы 15-1 тармағында орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға, 49 баптың 2 тармағы 6,7 тармақшаларында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;

1.9. Мектеп мүлкін сақтау және зиян келтірмеу, зиян келтірген жағдайда орнын толтыру.

1.10.Ер балалардың шаштары классикалық үлгіде қиылуы; ал қыз балалар шашын төбесіне түйіп, жинамай, бантик тағып, бас киімсіз жүруге тиіс. Әр түрлі пирсинг, татуировка, қымбат әшекейлер тағуға, опа-далап пайдалануға, кірпік, тырнақ жасатуға болмайды.

Шашты бояуға болмайды, ұл балаларға шаштарын бұрымдауға тыйым салынады. Мектеп ғимаратында бас киіммен жүруге болмайды.

1.11. Дене шынықтыру сабақтары үшін спорттық киім болуы керек.

1.12. Электр қуаты мен суды үнемі үнемдеу керек.

Білім алушылардың міндеттері:

- ішкі тәртіп ережелерін, білім беру ұйымының Жарғысын сақтау
- басқа білім алушылардың, мектеп қызметкерлерінің құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, олардың мүдделеріне нұқсан келтірмеу, кішілерге көмектесу;
- физикалық қысым, қорқыту мен қорлаудан, басқаларға қатысты кемсітушілік әрекеттерден аулақ болу.
- тәртіпті болу, мектепте және одан тыс жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтау, мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау

2. Сабақ кезіндегі оқушының тәртібі:

2.1. Оқушылар мұғалім сыныпқа кірген кезде құрмет көрсетіп, тұрып амандасады және мұғалімнің рұқсатымен отырады. Сонымен қатар сабақ кезінде сыныпқа кірген кез келген ересек тұлғамен орнынан тұрып амандасады;

2.2. Сабақ уақытында шулауға, өзін және қасындағы оқушыларды бос сөздермен және басқа да сабаққа қатысты емес мәселелермен алаңдатуға болмайды. Оқушы сұрақ қойғанда немесе сұраққа жауап бергісі келген қол көтеруі керек. Оқушы мұғалімнің барлық қойған талаптарын орындауы қажет.

2.3. Сыныпқа қоңыраудан бұрын кіруі тиіс, қоңыраудан соң сыныпқа тек мұғалімнің рұқсатымен кіреді. Егер оқушыға сабақ уақытында сыныптан шығу керек болған жағдайда алдымен мұғалімнің рұқсатын сұрауы тиіс. Сабақтың біткені туралы қоңырау мұғалім үшін беріледі. Мұғалім сабақтың аяқталғанын жариялағанда ғана оқушылар сыныптан шығуға құқылы. Мұғалім немесе басқа үлкен жасты адам сыныптан шыққанда оқушылар орнынан тұрады.

2.4. Сабақ уақытында немесе бақылау жұмысы кезінде ұялы телефон құрылғыларын пайдалуға рұқсат етілмейді. .Мектеп ішінде ұялы телефон пайдалану мәдениетін сақтау(оқушылар арасында жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау, рұқсатсыз бейне жазбаға түсірмеу)

2.5 Ұялы телефон жоғалған жағдайда іздестіру,жоғалу себебін анықтау жұмыстарына мектеп ықпал жасайды, алайда жауапкершілік талап етілмейтіні ескертіледі.

3.Үзіліс кезіндегі оқушының тәртібі:

3.1. Мектеп ғимаратында және мектеп аумағында құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасауға жол берілмейді.

3.2. Үзіліс кезінде адам өмірі қауіпсіздігі ережелерін қатан сақтау талап етіледі: терезенің қасында орналасқан баспалдақтарда және басқа да ойнауға болмайтын жерлерде жүгіруге тыйым салынады; бір-бірін итеріп, шулап, басқаларға кедергі келтіруге болмайды;

3.3. Мектеп немесе мектеп территориясында алькогольды сусындар ішуге, темекі тартуға, есірткі қолдануға жол берілмейді.

3.4 Мектеп маңындағы дүкендерге баруға тиым салынады.Жалпы сабақ біткен уақытқөа дейін мектеп ауласынан шығуға болмайды.

4. Сынып бойынша кезекшінің міндеті:

Қоңырау кезінде сыныпта болуға, сыныпта тәртіпті қамтамасыз етуге, педагогқа сыныпты келесі сабаққа дайындауға көмектесуге, сабақ біткеннен кейін сыныпты жинауға, санитарлық талаптарды сақтауға міндетті.

5.Асханадағы оқушының тәртібі:

Мұғалім мен асхана қызметкерлерінің талаптарына бағынуға, ыстық және сұйық тамақтарды сақтықпен қолдануға; тағамдармен тек қана асханада тамақтануға міндетті.

6.Тәртіптік жауапкершілік шаралары:

6.1.Ата аналарға ескерту;

6.2.Ата аналарды мектепке шақыру;

6.3.Тәртіп бұзушылық фактісі мектеп әкімшілігімен қаралады

6.4.Тәртіп бұзушылар мектепішілік есепке (БЖТ)алынады

6.5.Тәртіп бұзушылық қайталанған жағдайда білім алушылар Педагогикалық Кеңесте қаралады

6.6.Қасақана тәртіп бұзушылық орын алған жағдайда іс кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияға жіберіледі.

Осы ережені барлық оқушылар орындауға міндетті.

Ережемен барлық оқушылар міндетті түрде танысып, қол қояды.

III. АТА-АНАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН МЕКТЕПТІҢ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

1.ҚР «Білім туралы» Заңының 49- бабы 2-тармағына сәйкес АТА-АНАЛАР мен өзге де заңды өкілдер:

- білім беру ұйымының жарғысында айқындалған ережелерді;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп нысанына қойылатын талаптарды орындауға;
- білім беру ұйымында белгіленген киім нысанын сақтауға;
- балалардың оқу орнындағы сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

1.Әр ата-ана және оқушы мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуға міндетті.

2.Әрбір ата-ана мектеппен келісім шартқа отыруға міндетті.

3.Ата-ана баласының сабақтан кешікпеуін, сабақтан себепсіз қалмауын қадағалауы тиіс. Егер де оқушы сабақтан себепті қалатын болса, оны анықтамамен дәлелдеуі тиіс.

4.Мектеп жарғысына сәйкес оқушының мектеп формасын сақтауын қадағалау керек жалпы орта білім беру мекемесінде белгіленген, мектеп киім үлгісін киюді сақтау және мектепте түрлі конфессялардың діни киім үлгілерін мектепте киюге жол бермеуді (соның ішінде бас киімдер (тақиялар, бас орамалдар. т.с.с), ата-ана баласын мектеп формасымен, қажетті оқу-құралдарымен толық қамтамасыз етуге жауапты.

5.Оқушыны демалыс кезінде мектептің жоспары бойынша ұйымдастырылған іс-шараларға қатыстыруы тиіс.

6.Сабақ уақытында сынып жетекшісінің уақытын бөлуге тыйым салынады.

7.Сынып жетекшісімен алдын ала келісім бойынша, сабақтан бос уақытта кездесуге болады.

8.Мектеп әкімшілігімен кездесу үшін кезекші мұғалімге өзінің жеке куәлігін көрсетіп, тек жазылу арқылы кіргізіледі. Сұрақ туған жағдайда, алдымен, сынып жетекшісі, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектепішілік ата-аналар комитетінің мүшелерімен талқылауы тиіс.

9.Мектеп ауласына велосипедпен, роликпен,балаларға арналған бесік арбамен (коляскамен) кіруге, мектеп ауласында серуендеуге тыйым салынады.

10.Баланың мектепке дейін және мектептен шыққан соң өмір қауіпсіздігіне ата-ана жауапты.

11.Егер бала мектеп мүлкін бүлдірсе (оқу-зертханалық және басқа жабдықты бүлдірсе, оқулығын жоғалтса және т.б.) көрсетілген шығынды белгіленген тәртіпке сәйкес қалпына келтіруге ата-ана міндетті.

12.Ата-аналарға арналған іс-шараларға, ата-аналар жиналысына белсене қатысуға;

13.Балаға сағат 23.00 дан бастап, далада жүруіне тыйым салуға;

14.Балаға патриоттық, рухани адамгершіліктік тәрбие беруге;

IV. АТА-АНАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Ата-аналар (заңды өкілдер) міндетті:

- өз балаларының тәрбиесіне, олардың жалпы білім алуына жауапкершілік алу және олардың жалпы орта (толық) білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасау, білім алушылардың сабаққа қатысуын үнемі бақылау;

- мектепке білім алушы туралы қажетті ақпаратты уақтылы ұсыну, баланың сабақта болмау себептері туралы хабарлау;

- баланы табысты оқыту және тәрбиелеу үшін қажетті құралдармен, оның ішінде спорттық формамен, ауысымдық аяқ киіммен, еңбекке баулу формасымен қамтамасыз етуге жауапты болу;

- шақырылуына қарай сыныптық және жалпы мектептік ата-аналар жиналыстарына қатысуға, педагогтардың, әкімшіліктің шақыруымен мектепке келуге;

- қолданыстағы заңнамамен қарастырылған тәртіпте білім алушылардың мектеп мүлкіне келтірген залалын өтеу;

- мектеп қызметкерлерінің еңбегі мен құқықтарын құрметтеу, олардың беделін қолдау;

- қолданыстағы заңнама нормаларын, жарғы және осы Ереже талаптарын орындау.

Ата-аналарға тыйым салынады:

- әкімшіліктің рұқсатынсыз мектеп ғимаратында аудио – бейне түсірілімдер жасауға;
- педагогтың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, іскерлік беделіне нұқсан келтіре отырып, оны қорлау;
- мектепке маскүйінде келуге;
- "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 3 тарауының 15 тармағына сәйкес педагогтің жоғары атағына нұқсан келтірмей, сыннан және әдепсіз пікірден тартынып, пікірталасты

дұрыс түрде жүргізу, жұмыстан тыс уақытында (сағат 20.00 ден кейін) орынсыз мазаламау.

4.2. Ата-аналардың (заңды өкілдердің) құқығы бар:

- балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- ҚР қолданыстағы заңнамасына және мектеп Жарғысына сәйкес мектепті басқаруға қатысу.
- қолданыстағы заңнама шеңберінде ерікті негізде сыныпты, мектепті дамыту үшін қайырымдылық (қайырмалдықтар) ретінде материалдық көмек көрсету;
- мектеп жарғысының және осы Ереже талаптарының орындалуын талап етуге.

Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 409-бабының 2-тармағына сәйкес ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдеріне білім беру саласындағы заңнама нормаларын сақтамаған жағдайда ескерту немесе айыппұл салынады. Ішкі тәртіп ережелерінің талаптарын орындамағаны үшін мектеп әкімшілігі тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Y. «Панфилов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу-тәрбие үрдісінің кестесі

Мектепте оқу үрдісі екі кезеңде жүргізіледі:

1 – кезең – ШО (4жас) , МАД, 1аә, 4, 8, 9аә, 10, 11
2 – кезең – ШО (3жас), 2, 3, 5, 6аә, 7аә

1 – ші сабақтың басталуы: 8^{00} – 1 - ші кезең үшін
14^{00} – 2 - ші кезең үшін

Үзілістің ұзақтығы: 1 - ші кезең үшін: 1,5,6,7 үзіліс - 5 минут
2,4 үзіліс -15 минут

2 – ші кезең үшін: 1,3,5,6,7 үзіліс – 5 минут
2,4 үзіліс – 15 минут

Сабақ ұзақтығы:
1-11 сыныптарда – 45 минут
МАД топтарына – 35 минут

Сабақ кестесі: Сабақтар мен факультативтік сабақтар, үйірмелер әр жарты жылдыққа жасалған, мектеп директоры бекіткен сабақ кестесі бойынша жүргізіледі.

Бастауыш сыныптар бойынша қоңырау және тамақтану кестесі
1 сыныптардың қыркүйек айындағы қоңырау кестесі

1. 8.00-8.35
   10 мин
2. 8.45-9.20
   15 мин
3. 9.35-10.10
   15 мин 1 а,ә - тамаққа бару уақыты
4. 10.25-11.0

I ауысым

р/с	Уақыты	Сыныбы	Бала саны	Жауапты мұғалімдер
1	9^{35}-9^{50}	1-«А», «Ә», 4 сынып	26 оқушы	Сынып жетекшілері

II ауысым

р/с	Уақыты	Сыныбы	Бала саны	Жауапты мұғалімдер
1	15^{35}-15^{50}	2,3, 5-сынып	25 оқушы	Сынып жетекшілері

26 тамыз 2025 жылдың №1 педагогикалық кеңес отырысында талқыланып, бекітілді.

«Панфилов атындағы жалпы орта мектебі» КММ ішкі тәртіп ережесімен және білім беру ұйымдарында қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету туралы танысу парағы

№	Мұғалімдердің аты-жөні	Танысқаны жөнінде	Қолы
1.	Умирзахова Линда Мустахимовна	танысты	
2.	Дюсенбаева Еркебұлан Сагаденовна	танысты	
3.	Лукпанова Куралай Кыдыровна	танысты	
4.	Дюсенова Мейрамгул Болатқызы	танысты	
5.	Даугалиев Беймбет Сериккабылович	танысты	
6.	Торгаева Айнур Сарсенбаевна	танысты	
7.	Барседенова Бибигул Жангуатовна	танысты	
8.	Муслимов Бауыржан Тастанбекович	танысты	

9.	Тулегенова Гульнар Шакировна	таныстым	
10.	Абулхайырова Гулжан Кисаровна	таныстым	
11.	Сатыбалдиева Мейрамгул Жетыбаевна	таныстым	
12.	Кисапова Ақтоты Мерекеевна	таныстым	
13.	Ержаханова Гаухар Бисенбаевна	таныстым	
14.	Амангелдиева Алтынай Асқарқызы	таныстым	
15.	Ажмеденова Тоқтар Таскалиевна	таныстым	
16.	Ескалиева Людмила Мухамбетовна	таныстым	
17.	Мурзагалиева Гульмира Шакидуллаевна	таныстым	
18.	Малиева Айганым Жанболатовна	таныстым	
19.	Тлепбергенова Асел Ерсаиновна	Таныстым	
20.	Файзуллина Арайлым Атаевна	Таныстым	
21.	Хамзин Рамазан Мадениетович	Таныстым	
22.	Кайсекенова Мейрамгул Минажовна	Таныстым	
23.	Наурызгалиева Райса Гадиловна	таныстым	
24.	Бейішова Жаннат Дармешовна	таныстым	
25.	Серікбаева Жансая Ренатқызы	таныстым	
26.	Жумалиева Динара Ерболатқызы	таныстым	
27.	Саюпова Лаура Серікқызы	Таныстым	
28.	Файзоллаева Інжу Сандыбайқызы	таныстым	
29.	Амангали Алмас Кадырбаевич	Таныстым	
30.	Кодаров Ербол Жасыланұлы	таныстым	
31.	Магзомқызы Дария	таныстым	
32.	Олжабаева Айнагул Нургазиевна	таныстым	
33.	Мейрманова Диана Мейірманқызы	таныстым	
34.	Амангали Эльнара Айбекқызы	таныстым	
35.	Камалова Люба Джумагалиевна	таныстым	
36.	Турсынов Аслан Сисенбайұлы	таныстым	

№	Қызметкелердің аты-жөні	Танысқаны жөнінде	Қолы
1	Жупкалиева Марал Уразовна	Таныстым	
2	Жолмуханова Ахмарал Зинетуллаевна	Таныстым	
3	Сисенова Айнур Сарсенбаевна	Таныстым	
4	Утешкалиева Манчук	Таныстым	
5	Нигметова Забира Алпановна	Таныстым	
6	Бекбосынова Нұргүл	Таныстым	
7	Ханатова Алма Бербовна	Таныстым.	
8	Гайсина Жанылсын Сиражовна	таныстым.	
9	Батырбаева Ажар Сабргалиевна	Таныстым	
10	Ахметкалиевна Маня Утешкалиевна	таныстым.	
11	Темирова Толкын Насихатовна	таныстым.	
12	Камзина Шұға Кабиболлаевна	Таныстым	
13	Маниятқызы Үздік	таныстым	
14	Тулегенов Мустахим Жакипович	Таныстым	
15	Ажгалиев Мырзабек Турганбаевич	Таныстым	
16	Темиржанова Таңшолпан	Таныстым	
17	Сейтова Аксамал Мадатқызы	Таныстым	
18	Ерсейтова Аяжан	Таныстым	
19	Егінбаева Арай Алмасқызы	таныстым	
20	Талапова Азиза	таныстым	
21	Молдағалиев АдилханЖумажанович	Таныстым	
22	Нигметов Тұрар	таныстым	
23	Жумагалиев Жаскайрат Амангелдиевич	таныстым	
24	Елеуова Эльмира Кисметовна	таныстым	
25	Тұрдалиева Айнакүл Уалитханқызы	таныстым	
26	Саламатқызы Әйгерім	таныстым	
27	Зинешов Бақтыгерей Зинешович	Таныстым	
28	Масалимова Эльмира Маркисовна	таныстым	
29	Байгазиева Эльвира Фазыловна	Таныстым	
30	Шынтасов Сатжан Темиржанович	Таныстым	
31	Темирханов Хайрбек	таныстым	
32	Зинуллаев Нұрбахыт Хисымович	Таныстым	
33	Мыңбаев Таңатар Абилович	Таныстым	
34	Хамзина Арайгул	таныстым	
35	Темірешова Арайгуль Бисеновна	таныстым	